

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК



SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

2 (300)

НАУРЫЗ – СӘУІР 2015 ж.

МАРТ – АПРЕЛЬ 2015 г.

MARCH – APRIL 2015

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ

ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА

АЛМАТЫ, НАН РК

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

Пралиев С. Ж.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрибаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сабикенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сулейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., чл.-корр. НАН РК **Қалижанов У.К.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі **Дербісәлі А.**

Р е д а к ц и я к ең е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Мұрадов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устищенко В.А.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

С. Ж. Пралиев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. фиол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. фил. н., проф., Почетный член НАН РК **А. Дербисали**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 3000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,

www.nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

S.Zh. Praliyev,
academician of NAS RK

Editorial board:

U.B. Baymuratov, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **G.Ye. Esim**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Kirabayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **A.K. Koshanov**, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.N. Naribayev**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK (deputy editor-in-chief); **A.N. Nysanbayev**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.N. Sabikenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **M.K. Suleimenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Kh. Abusseitov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baitanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Zhakyp**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **U.K. Kalizhanov**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D. Kamzabekuly**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D.P. Kozhamzharova**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.K. Koigeldiev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Sh. Kurmanbaiuly**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.K. Taymaganbetov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.K. Shaukenova**, dr. soc. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Derbisali**, dr. phil. sc., prof., honorary member of NAS RK

Editorial staff:

G. Belostechnik, NAS Moldova academician (Moldova); **N. Velichanly**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **T.N. Nazarov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A. Roshka**, NAS Moldova academician (Moldova); **G. Rusnak**, NAS Moldova academician (Moldova); **Sh. Muradov**, NAS Azerbaijan corr. member (Azerbaijan); **Z. Safarova**, NAS Azerbaijan corr. member (Azerbaijan); **V.N. Vasilenko**, dr. econ. sc., prof. (Ukraine); **V.A. Ustimenko**, dr. jurid. sc., prof. (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 3000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 300 (2015), 248 – 255

Scientific positions of Kazakh linguo-folkloristics

Zhakupov Zh.A.

zhan.zhak58@gmail.com

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Key words: science studies, theory, paradigm, scientific problem, linguo-folkloristics, interdisciplinary approach, multidisciplinary.

Abstract: This article from scientific position motivates addition of the Kazakh linguo-folkloristics as an independent discipline into the scientific circulation. Relying on the fact that, according to the science studies, the theory can be changed by the introduction of new facts, ideas and principles, also due to emergence of a conflict and they cannot be solved within the framework of this theory. In this regard, there is need to revise the previous principles of research.

It is substantiated the statement of scientific problem of linguo-folkloristics. It is offered the purpose and objectives of linguo-folkloristic research of Kazakh folklore texts. In order to determine the course of a named scientific discipline, it is provided an overview of studies related to linguo-folkloristic issues in domestic and foreign science. It considers the perspectives of the process of formation and change of Kazakh linguo-folkloristics' paradigms and episteme. It is put on an agenda the reconsideration of previous purely intralinguistic studies of Kazakh folklore text and necessity of transition to the anthropocentric, ethnocentric, cognitive, texts study and etc. paradigms. From this perspective, the study of Kazakh folklore texts by interdisciplinary and multidisciplinary methods is the best approach for the Kazakh philology. Thereby the decisions can be found for methodological and conceptual problems and literature (folkloristics), and linguistics.

Научно-исследовательские позиции казахской лингвофольклористики

Жакупов Ж.А.

zhan.zhak58@gmail.com

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ключевые слова: науковедения, теория, парадигма, научная проблема, лингвофольклористика, междисциплинарный подход, мультидисциплинарность

Аннотация: В статье с научно-исследовательской позиции мотивируется введение в научный оборот казахскую лингвофольклористику как самостоятельную дисциплину. Опираясь на то, что, по науковедению, теория может изменяться через введение новых фактов, идей и принципов, также в силу возникновения противоречий и они не могут быть решены в рамках данной теории. В связи с этим появляется необходимость пересмотра предыдущих принципов исследования.

Обосновывается постановка научной проблемы лингвофольклористики. Предлагаются цель и задачи лингвофольклористического исследования казахских фольклорных текстов. В целях определения курса названной научной дисциплины делается обзор исследованиям, касающимся лингвофольклористических вопросов, в отечественной и зарубежной науке. Рассматриваются перспективы процесса формирования и изменения парадигм и эпистем казахской лингвофольклористики. Ставится на повестку дня пересмотрение предыдущих чисто интралингвистических исследований казахского фольклорного текста и необходимость перехода на антропоцентрическую, этноцентрическую, когнитивную, текстологическую и т.п. парадигмы. С этой точки зрения, исследование казахских фольклорных текстов междисциплинарным и мультидисциплинарным методами является оптимальным подходом для казахской филологии. Таким образом могут найти свои решения методологические и концептуальные проблемы и литературоведения (фольклористики), и языкознания.

Қазақ тілтануында ерекше мән берілмей жүрген бір жайт бар. Сөз тілтану мен фольклортануға, тіпті басқа да ғылым салаларына, ортақ құбылыстар туралы.

Фольклортанушылар я болмаса әдебиеттанушылар ауыз әдебиеті туындыларын талдағанда образ, кейіпкер, сюжет, композиция, тақырып пен идея т.с.с. санаттарды саралайды, көркемдік іздегенде, негізінен, фигуралар мен троптарды тіркемелеумен шектеледі. Ал тілтанушылар фольклордағы тілдік фактілерді таза лингвистикалық санаттардың қарамағына енгізумен шектеліп келеді. Сондықтан қазақ фольклоры мен оның тілін зерттеу аса толымды нәтижелерге қол жеткізе алмай келеді. Міне, осы жеткіліксіздіктен келіп лингвофольклортану мәселесі дербес мәселе болып ғылым алдына тартылады.

Қазақ лингвофольклортануы филология ғылымында дербес пән бола алады. Мұны ғылымтану қағидалары да растай түседі. Соған тоқталайық.

Философ О. Конттың дәлелдеуінше, әр түрлі ғылымдар зерттелетін құбылыстардың табиғатына қарай я олардың ортақтығы мен өзара тәуелділіктерінің азаюы, я күрделіліктерінің көбеюіне қарай орналастырылады. Осындай орындарына қарай анағұрлым күрделі әрі көтеріңкі де толымды ой қорытындылары шығады. Ғылымдар иерархиясында абстарктіліктің азайып, күрделіліктің арту дәрежесінің маңызы зор. Кез келген теориялық жүйенің жетер мақсаты адамзатқа келіп тіреледі [1: 117]. Осы тұрғыдан қарасақ, фольклор тілін зерттеудің – лингвистикамен, тілді зерттеудің фольклортанумен ортақтығы мен өзара тәуелділіктерінің азайып, жаңа бір күрделі мәселелер туындап отырғанын байқауға болады. Демек, лингвофольклортануда жаңа бір бағыттардағы санаттар қарастырылуы керек.

Ф. Энгельс «Табиғат диалектикасында»: «Бақылаудың барысында сол бір топқа жататын фактілерді бұрынғы жолдармен түсіндіруге мүмкіндік бермейтін қандай да бір жаңа факт ашылады. Осы сәттен бастап алдымен саны шектеулі фактілер мен бақылауларға сүйенетін түсіндірудің жаңа амалдарына деген қажеттілік туады. Мұнан кейінгі тәжірибелік материал осы гипотезаларды тазартуға алып келеді: заң таза түрде анықталғанға дейін гипотезалардың кейбіреуі алып тасталынады, кейбіреуі түзетіледі. Егер біз заң үшін материал таза күйде дайын болғанын күтетін болсақ, онда ойлап зерттеуді тежеп, бір тәсілдің өзінен де ешқашан заң шығарып ала алмаймыз деген сөз», - дей келіп, ғылымдардың зерттейтін нысандары өзара байланысты, бірінің нысаны біріне ауысатынын айтады (бұл материяның қозғалысымен байланыстырылады) [2: 555]. Ғылымның ұлы жаңалықтары шекаралық облыстарда, ғылымдар түйісінде ашылады. Демек, тілтанудың нысаны мен фольклортанудың нысандары бір-біріне ауыстырылса, бұлардың түйісінде елеулі жаңалықтар ашылатынынан үміт етуге әбден болады.

Ғылымтану мамандары теорияның жаңа айғақтар, жаңа идеялар мен қағидалар енгізілу арқылы өзгертетінін, сол теорияның аясында қайшылық туып, ол қайшылық әуелгі қағидалар шегінде шешім таба алмағандықтан, жаңа теория туатынын, соның нәтижесінде бастапқы қағидаларды қайта қарау керек болатынын айтады [3: 18]. Демек, фольклор мәтіндерін тілтанушылардың қазіргі тілдегі фактілермен бірдей алып қарастырып, бірыңғай интралингвистикалық аяда қарастыруы бастапқы қағидаларға жатады және талдауға тірек болады деген сөз. Туатын қайшылық сонда, бұл фольклорлық мәтіндердің болмысын, рухани құндылығын түгелдей ашып бере алмайды. Олай болса, бұл қағидаларды қайта қарап, нақтылау қажет.

Белгілі ғылымтанушы П.А. Рачковтың ғылым туралы ғылымды негізгі деңгейлерге бөлгендегі ұстанымы да жоғарыдағы жайттарды қолдай түседі. Ол ғылымтануды төрт деңгейге бөледі, соның біріншісі – іргелілік (мәністік) сипаттар, осы сипаттар онан ары «1.1 ғылымның жалпы теориясы, парадигмалардың қалыптасуының заңдылықтары; 1.2 Ғылым тарихы, эпистемалардың қалыптасу және парадигмалардың ауысу үдерісі» болып тармақталады [4]. Демек, біз қазақ фольклорын зерттеудің парадигмаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуіміз керек болады. Ондай парадигмаларға антропоэкетілікті, этноэкетілікті, когнитивтілік, мәтінтану сияқты тұрғыларды жатқызуға болады. Осыдан келіп, ендігі жерде фольклор мәтініне пәнаралық ыңғаймен, көп пәнділік ыңғаймен келу мәселесі шығады.

Қазақ лингвофольклортануына көпәнділік ыңғайды да (мультидисциплинарный подход) пайдалануға болады. Мұндайда зерттеу затының, яғни фольклорлық мәтіннің, жалпыланған бейнесі пайдаланылады да, пәндік сипаттар осы жалпыланған сипаттың бөліктері ретінде болады. Зерттеу заты күрделі нысан ретінде алға тартылады, ал бір пәннің зерттеу әдістері келесі пәнге

көшірілмей өз шеңберінде қалады. Жаңа нәтижені сол жекелеген пәндік зерттеулердің нәтижелерін салыстырып таразылау арқылы алуға болады. Қорытындысында жаңа пәнаралық зерттеулер жасауға жол ашылады [5]. Осыған орай, қазақ лингвофольклортануы фольклорды әдебиеттану, мәдениеттану, философия, гнесеология, музыкатану, этнология т.б. пәндер аясындағы зерттеулердің нәтижелерін салғастыруға тиіс болып шығады.

Анықтамалық әдебиеттерде пәнаралық ыңғайдың ерекшелігі бір ғылыми пәннің зерттеу әдістерін басқа пәнге қолдану ретінде анықталады. Бұлай етудің басты шарты - зертейтін аялардың түйісуі мен ұқсастығы. Алайда «бөтен» пәннің әдістерін қолдану зерттеу нысанының пәндік сипатын өзгертуге алып келе бермейді. Бұл жерде ескерте кеткен жөн, пәндік шеңберді сақтау үшін пәнаралық зерттеулерде әрқашан «жетекші» және «жетектегі» пәндер болады. «Жетектегі» пән әдістері көмегімен алынған нәтижелер мұндай зерттеулерде «жетекші» пән әдістері тұрғысынан парықталады. Сондықтан пәнаралық ыңғай, ең алдымен, нақты бір пәндегі шешім таба алмай жүрген концептуалдық және әдістанулық проблемаларды шешуге қызмет етеді [6]. Олай болса, қазақ лингвофольклортануында тілтану мен фольклортанудың үлес салмағы осы шамада болмақ. Нақтырақ айтқанда, ауыз әдебиетінің мәтінін зерттегенде фольклортанудың нәтижелерін пайдалана отырып тілдің проблемалары шешімін табуға тиіс.

Есімі орыс лингвофольклортануының бастауында тұратын А.Т. Хроленко лингвофольклортануға қазіргі филология ғылымының бір саласы ретінде оқшау орын береді. Ғалымның уәждері мынадай: «Дәстүр бойынша филологиялық пәндердің қатарына әдебиеттанумен қабысатын, бірақ сөз өнері ретіндегі фольклорлық шығармаларға бағдарланған фольклортану жатқызылып келеді. Сондықтан да лингвофольклортану екі ғасыр бойы Ресейден жеткілікті деңгейде дамып келе жатқан фольклортанудан несімен ерекшеленеді дейтін сұрақтың туындауы орынды. Фольклортану, бұл – ең алдымен фольклорлық туындыларды жинау, жіктеп-топтау және кешенді талдау. Фольклоршының ісі жанды фольклорлық сөзбен жүреді. Осыған орай оның қарекеті түздік жұмыстармен, дәстүр иелерімен, орындаушылармен тікелей бетпе-бет жүздесумен байланысты болады. Ал лингвофольклортану, бұл – фольклорлық мәтінді, нақтырақ айтқанда, фольклорлық мәтіндер корпусын филологиялық әдістермен зерттеу. Фольклортанудан лингвофольклортанудың айырмашылығы лингвофольклортанушының таңбаланған фольклорлық сөзбен жұмыс істейдігіндігінде» [7: 87]. Демек, мұндай зерттеулерде фольклорлық мәтін санаты негізгі тұғыр болуға тиісті. Ал лингвофольклортанудың пәнаралық сипатын, фольклор тілін зерттеуге жаңа парадигмалар пайдалану жайттарын А.Т. Хроленко «кроссмәдени лингвофольклортану» («кросскультурная лингвофольклористика») дейтін ұғым төңірегінде қарайтын сыңайлы [7: 87].

Қазақ лингвофольклортануы дербес ғылыми пән ретінде нендей проблемаларды шешеді деген сұрақ тууы заңды. Сондықтан, алдымен, ғылыми проблеманы нақтылап алған жөн. Ғылыми проблема – осы ғылымда бұрыннан бар білімдер мен қолданбалы әдістемелерге қайшы келетін, диалектикалық себептерден пайда болған, ғылыми зерттеу жолымен шешуді қажет ететін жаңа да күрделі теориялық және жүзелік мәселелердің жиынтығы. Гуманитарлық ғылымда проблемалар стихиялы түрде емес, рухани және материалдық қатынастардың дамуымен байланысты заңды түрде туады. Мұндай проблемалар ғылым ұсынатын әдіс-тәсілдер көмегімен шешіледі. Демек, ғылыми проблеманы қою мен оның шешімін табу қоғамдық ғылымдарды қозғаушы күш болып табылады [1].

Зерттеу проблемасын таңдау ең алдымен оның өзектілігіне байланысты, басқаша айтқанда ұйғарылып отырған зерттеулер жүзелік міндеттерді атқаруға сеп болуға тиісті. Осы тұрғыдан келгенде, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының орайымен қазақ фольклоры мәтіндерінің «Бабалар сөзі» деген айдармен 100 томының жарық көруі ғылым алдына жаңа міндет жүктейді. Басқаша айтқанда, осы мәдени мұраны игеруге ғылымның жүзелік міндет атқаруы – қоғамдық парыз.

Проблема мұнан бұрынғы заңдылықтарға қайшы келмеуге, анық та дәйекті болуға тиіс. Проблеманың шынайылығының маңызды шарты – формалды логикадағы жеткілікті негіздер заңына сәйкес дәлелді болуы. Көркем мәтіннің, оның ішінде ауыз әдебиетінің мәтіндерінің де, тілі бұрыннан бері азды-көпті зерттеліп келеді. Фольклортанушылар мен мәдениеттанушылар да осындай мәтіндердегі айғақтарды өз тұрғыларынан қарастырып келеді. Ал фольклор мәтінін пәнаралық тұрғыдан зерттеу жолға қойыла қойған жоқ. Сондықтан лингвофольклортану қол

жеткен жетістіктерді қорыта пайдалана отырып, әр түрлі паралингвистикалық, экстралингвистикалық және интралингвистикалық аспектілерді түйістіруге тиіс болады.

Ғылыми проблема күрделі теориялық және жүзелік мәселелерден тұратындықтан, ғылыми зерттеу немесе оның параметрлерін анықтау барысында осы проблеманы құрайтын компоненттерге, яғни, тақырыптарға бөлу қажет болады. Бұл жерде компонент, яғни тақырып, деп лингвофольклортанудың зерттеу міндеттерін түсінген жөн. Ондай міндеттер орасан көп. Солардың бір парасын ғана тізіп көрсетуге болады:

- қазақ фольклорындағы тілдік феноменологияны іздеп табу;
- фольклордағы әлемнің тілдік бейнесін айқындау;
- қазақ фольклорын тілдің аккумулятивтік қызметі тұрғысынан зерттеу;
- қазақ фольклорлық мәтіндерінің қазақ әдеби тілінің тарихындағы орнын анықтау;
- қазақ фольклоры мәтіндерінің лексикалық ерекшеліктерін талдау, топтау, жіктеу;
- қазақ фольклоры мәтіндерінің грамматикалық ерекшеліктерін талдау, топтау, жіктеу;
- қазақ фольклоры мәтіндерінің стильдік ерекшеліктерін талдау, топтау, жіктеу;
- қазақ фольклорын мәтінтану тұрғысынан талдау;
- қазақ фольклоры мәтіндері мен Қазақстандағы басқа ұлттардың фольклоры арасындағы интертекстуалдық байланыстарды ашу;
- әлемнің фольклорлық-тілдік бейнесін тұғырлау;
- қазақ фольклоры мәтіндерін пәнаралық (психоллингвистикалық, когнитивтік, коммуникативтік, семиотикалық, лингвомәдени) тұрғыдан зерттеу.

Лингвофольклортануды ғылым саласына өз арнасымен енгізетін тағы бір құбылыс – «танықтық» пен «анықтық» ұғымдары.

Ғылымтану айғақтарын келтірейік. «Танықтық» ұғымының даму тарихы мұның шынайы мәні ұзақ уақыт бойы ашылмай келгендіктен ғылымда да, тәжірибе жүзінде де бұл ұғым маңызды рөл атқармай келгенін көрсетіп берді. Тек ақпараттың математикалық теориясы пайда болғаннан бастап «танықтық» ұғымына қызығушылық артып келеді. Қазіргі уақытта «танықтық» ұғымының жалпы ғылыми мәртебесін анықтау, негізінен, оның философиялық санаттардың өзара байланыстарынан тікелей келіп шығатындығымен қатысты болып отыр. Бұл ұғыммен философиялық талдаудан кең орын алған ұғым «анықтық» салғастырылады. Анықтық арқылы сол бір құбылыстың қасиеттерінің қаншалықты сол екендігі анықталады да, соның нәтижесінде әлгі құбылыс анықтамаға ие болады. Анықтық пен танықтық санттарының байланыстарын философиялық тұрғыдан талдау дамудың бағыттылығын көрсететін бұл ұғымдардың аспектілерін айқындауға мүмкіндік береді. ... Танықтық деп мынадай сипаттар тән санатты түсінеміз: әр алуан мүмкіндіктердің шындыққа айналуы (бұл осы үдерістің бастапқы кезеңінде және орнығу кезеңінде болады); құбылыстардың қасиеттері мен жай-күйлерінің өзара ықпалдасуы; бұлардың арасында айқын шекараның болмауы.

Соңғы уақыттардағы ғылыми көзқарастарға сүйенсек, «танықтық» ұғымының онтологиялық жүгі бар екені айқын байқалады, демек, ол – нысанның адам санасынан тәуелсіз кейбір болмыстық қасиетін білдіреді. «Танықтық» ұғымы ақпарат және энтропия сияқты санаттардың өзара байланысын тануға тірек болады [3: 83-84]

Қазақ фольклорының тілін зерттеу я болмаса талдау барысында ғалымдар, негізінен, анықтық санатына ғана сүйеніп келеді, яғни, сипаттары ашылған, өзіндік анықтамасы бар санаттармен амалдап келеді. Танықтық ұғымын зерттеу барысына жегу арқылы жаңа бір межелер ашылуға тиіс. Бұларды лингвофольклортануда «көрінеу» және «көмес» деген атауларды пайдаланып пайымдаған тиімді болып көрінеді. Бұл айтылған жайттар – қазақ лингвофольклортануының тағы бір келелі міндеті бар екендігіне дәлел.

Ауызша поэтикалық сөзді зерттеуде қазақ лингвофольклортануына қазіргі кезеңде орыс лингвофольклортануының жетістіктерін сыни әрі жасампаздық тұрғыдан пайдалану ұтымды. Олай деуімізге себеп – шет елдердегі осы мәселенің жайы.

Шетелдік филологияда, оның ішінде тіл білімінде, ауыз әдебиеті шығармаларының тілін зерттеуге деген қызығушылықтың бары байқалады. Ағылшынтілді ғылыми әдебиеттерді шолғанда байқағанымыз – ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында фольклор тілін арнайы зерттеу көзге түспейді. Алайда фольклордың жалпы мәселелерінің ішінде тілдің қызметіне де тоқталып

отырады [8]. Фольклордың лингвистикасына қатысты ағылшынтілді әдебиеттерде, негізінен, қарастырылатын пролбема мәтін, контекст, құрылым туралы мәселелер болып саналады [9; 10; 11]. Ағылшын тілінде фольклорға арналған тоқсандық басылым мерзімді түрде шығып тұрады екен [9], түркітілдес халықтардың салт-ғұрпына да назар аударылған [11].

XXI ғасырдағы немістілді филологиялық әдебиеттерді шолғанда байқағанымыз да осы шамада. Немістілді әдебиеттерде, фольклор ғылымының жалпы мәселелеріне байланысты еңбектерде [12; 13], халықтың салт-ғұрпымен фольклорды байланыстыра қарағанда [14], тіл, әдебиет, фольклорды жалпылай қамтыған әдебиеттерде [15] лингвистикалық аспектісіне назар аударады.

Жалпы германистикада (ағылшын, неміс тілі ғылымдарында) лингвофольклористиканың арнаулы зерттеу саласы болып бөлініп шықпағаны байқалады. Осы жайтпен салыстырғанда, қазақ лингвофольклористикасын ғылыми айналымға қосу озық талпыныс деуге болады.

Ал Ресей ғылымының тарихына назар салсақ, фольклорлық шығармалардың тілін талдау мәселесі екі ғасырдай уақытты қамтитынын шамалауға болады. Осы талдаулардың барысында фольклор тілін зерттеудің арнаулы филологиялық саланың пәніне айнала алатыны айқын болды. Ол лингвофольклористика деп аталды. Лингвофольклористика терминін 1974 жылы екі мақаласында – Курск мемлекеттік пединституты орыс тілі кафедрасының ғылыми еңбектері жинағындағы «Проблемы лингвофольклористики (к вопросу о комплексном подходе к изучению языка фольклора)» мақаласында және «Русская речь» ғылыми-көпшілік журналындағы «Что такое лингвофольклористика?» мақаласында Хроленко ұсынды. Ұсынылған термин ауызша поэтикалық сөзді зерттеу ыңғайының мәнісін білдіреді: ол – фольклорлық шығармалар құрылымындағы тілдік құрылымның орны мен қызметі, зерттеудің лингвистикалық және фольклортанулық әдістерін пайдалану [16].

Фольклор тілін зерттейтін арнаулы ғылыми пән қажеттігі халықтық-поэтикалық туынды элементі ретіндегі фольклорлық сөздің табиғаты туралы жаңа білім беретіндігінен ғана емес (мұның түйінді мәні бар), арнаулы ғылыми пәннің ауызша поэтикалық сөзге басқаша, интеграциялық, әдістанулық және әдістемелік ыңғай іздеумен де байланысты. Фольклор тілін зерттеушілерге қажетті шығармашылық күштерді түйістіру, тиімді әдістер мен әдістемелерді іздеу, пролбемаларды нақты қою – лингвофольклористиканың дербес бола алатынын растай түседі.

Жаңа пәннің құзыретіне жататын проблемалардың шеңбері П.Г. Богатырев, А.П. Евгеньева және И.А. Оссовецкийдің еңбектерінде белгіленді. Ол – жалпыхалықтық тілмен салыстырғандағы фольклорлық тілдің табиғаты: фольклор деңгейіндегі поэтиканың генетикалық негіздері, тіл мен поэтиканың өзара байланысы, фольклорлық стилистиканың мәні, халық шығармашылығының психоллингвистикалық аспектісі; фольклордағы ерекше мен жалпы, нұқсалылық пен инварианттылық, ауызша поэтикалық шығармашылықтағы «көрінеу» мен «көместік» [17].

Қазақ филологиясында фольклор, негізінен, әдебиеттанулық тұрғыдан қаралып келеді. Ауыз әдебиеті мәтіндерінің тілдік тұрғыдан зерттелуі дәстүрлі парадигмалар шеңберінде және жекелеген шығармалар деңгейінде, яғни, белгілі бір жеке туынды ғана нысанға алынған да, ондағы құрылымдық-семантикалық бірліктер ғана (троптар мен фигуралар, стильдік сипаттар) тіркеліп, талданған. Бұған Е. Жұбановтың «Эпостың тілін зерттеудің кейбір мәселелері және «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының лексикасы» сияқты еңбегін жатқызуға болады. Ауыз әдебиетінің тілін зерттеуде өзіндік жолы бар ғалым Қазақстанда көп емес. Бұл мәселеге іргелі зерттеу жасаған – профессор Е.Қ. Жұбанов. Оның еңбектерінде эпос тілін зерттеудің интралингвистикалық аспектілері толық қамтылады: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының тілдік ерекшеліктері; эпикалық жырлардың тілдік-көркемдік ерешеліктері; ауыз әдебиетінің тілі мен қазақ әдеби тілінің қатынасы; ауызша сөздің диалектіден үстем формалары, «Ауызекі поэзия тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері» қарастырылады, кейін ғалымның бұл тақырыптағы еңбектері кітап болып шықты, ал паралингвистикалық, экстралингвистикалық аспектілерді қарастыруды ғалым мақсат етпеген. [18].

А.Ж.Мухатаева қазақ эпосын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеді [19], З. Керімбаеваның зерттеулеріне қазақ ертегілерінің лексикалық, грамматикалық сипаттары нысан болды [20]. П. Адиеваның фольклорлық жанрлардағы диалогті зерттеуін лингвофольклортанудың бір тармағына жатқызуға болады [21]. Жекелеген фольклорлық шығармалардың тіліне арналған еңбектерде тілдік

фактілер талдауға алынып, негізінен, сипаттамалық әдіспен ғана зерттелді немесе мәтінде сөздерге және оның пішіні мен мағынасына қатысты кездескен жекелген фактілер талқыланды [22].

Ауыз әдебиетінің жанрларының (ертегі, лиро-эпос, айтыс) тіліне арналған зерттеулерде дәстүрлі құрылымдық әдістер, лингвомәдениеттанулық, оның ішінде этнотілтанулық, тұрғылар қолданылды. Тілдік бірліктердегі ұлттық колорит лингвистикалық тұрғыдан талданды [23].

Қазақ тіліндегі басқа құбылыстарды талдап, зерттеу барысында ауыз әдебиетіндегі тілдік айғақтарды талдауға салған зерттеулер де бар. Мысалы, әдеби тілдің тарихына қатысты, стилистикаға қатысты, ауызекі сөйлеу тіліне қатысты, лингвопоэтика, тілдегі ұлттық бояу, троптар мен фигуралар, синоним, омоним, антонимдерге қатысты, табу мен эфвемизмге қатысты т.с.с. зерттеулерде белгілі бір лексикалық немесе грамматикалық, не болмаса стилистикалық пайымдауларды тілдік айғақтармен дәлелдеу үшін басқа дереккөздердің қатарында ауыз әдебиеті шығармаларынан да мысалдар алынып отырады. Осы сипаттағы үлкенді-кішілі зерттеулерді көптеп келтіруге болар еді [24].

Қазақ фольклорын пәнаралық әдіспен зерттегендегі жаңа парадигманың бірі болып табылатын интертекстуалдылық туралы А.С. Әділованың диссертациялық зерттеуіндегі теориялық тұрғыларды ыңғайластыруға болады, сондай-ақ қазақстандық авторлардың ағылшын тілінде шетелде шыққан мақала бар. Сондай-ақ 2009 жылы шыққан «Қазіргі әдебиет және фольклор» атты еңбектен, Р. Әлмұханованың зерттеулерінен ауыз әдебиеті туындыларын прецедентті мәтін ретінде карап интертекстуалдық тұрғыдан талдауға түрткі болар айғақтарды байқауға болады [25].

Әрине, бір мақала көлемінде қазақ фольклорына қатысты филологиялық, филологиямен түйсетін басқа ғылымдардағы бұл мәселеге қатысты жайттарды, жасалған еңбек пен айтылған пікір-пайымдарды түгендеп шығу мүмкін емес. Мәселен, Қазақ фольклорлық мәтіндерін зерттеу әдістері мен теориялық болашағы арнайы мақалаға жүк болады. Мақсат мәселенің қойылысына қозғау салу болды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Лешкевич Т.Г. Философия науки: традиции и новации. Москва: Изд-во «ПРИОР», 2001.
- [2] Энгельс Ф. - Диалектика природы // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. Т. 20. - Москва: Гос. изд-во полит. лит., 1965.
- [3] Андреев Г.И., Смирнов С.А., Тихомиров В.А. Основы научной работы и оформление результатов научной деятельности. – Москва: Финансы и статистика, 2004.
- [4] Рачков П. А. Науковедение: проблемы, структура, элементы. М.: МГУ, 1974.
- [5] 5.3 Мультидисциплинарный подход // Википедия // dic.academic.ru.
- [6] 5.2 Междисциплинарный подход // Википедия // dic.academic.ru.
- [7] Хроленко А.Т. - Основы современной филологии. Москва: Флинта, 2013.
- [8] Georges, Robert A., and Michael Owen Jones. Folkloristics, an Introduction. Bloomington: Indiana University Press, 1995.
- [9] 964. Texture, Text, and Context. Southern Folklore Quarterly 28:251-65.
